

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы

Әдептілік – табысты қарым-қатынастың негізі (жас маманға қолдау көрсету)

Әдіскер: Джуматова Б

Желтоқсан – 2025 ж

Жас маманға кәсіби ортаға сәтті бейімделу үшін тек білімі мен қабілеті жеткіліксіз. Қоғамда, ұжымда, қызметтік қатынастарда адамды биікке көтеретін басты қасиеттердің бірі – **әдептілік**.

Әдептілік – бұл өзгені құрметтеу, тыңдай білу, сыпайы сөйлеу, сабыр сақтау, мінезді дұрыс көрсету сияқты адамаралық қатынастың маңызды өлшемдері. Жұмысқа жаңадан келген маман үшін бұл қасиеттер әріптестерімен сенімді байланыс орнатуға, басшылықпен дұрыс сөйлесуге, қызметтік міндеттерді үйлесімді атқаруға көмектеседі.

Жас маманмен жиі айтылатын кеңестердің бірі – **қарым-қатынас мәдениетін меңгеру**. Әдепті адам әр жағдайға байыппен қарайды, пікір алмасқанда дау тудырмай, дәлелмен сөйлейді, өзгелердің уақытын, еңбегін бағалайды. Мұндай мінез кәсіби бедел қалыптастырып, жаңа ортаға оңай енуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдептілік – тек сыртқы сыпайылық емес. Ол – **ішкі мәдениет**, жауапкершілік, адалдық, уәдеде тұру, өз ісіне ұқыпты қарау. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген жас маман қиындықтарды жеңіл еңсеріп, ұжымда сыйлы бола алады.

2025 жылдың қазан айының 1-нен бастап балабақшамызға жас маман (аты-жөні) тәрбиеші педагог ретінде жұмысқа орналасты. (аты-жөні) әдіскер тарапынан және тәлімгері (аты-жөні) циклограмма жазу, мониторинг жасау жұмыстарына үнемі әдістемелік көмек беріп отырылады.

Сонымен қатар балабақшада өткізілетін әрбір жиналыстарда педагогикалық әдепті сақтау керектігі, ата-аналармен күнделікті балаларды қабылдау кезінде, топтың жұмыс жоспары аясында әңгімелесу кезінде әдептілікті сақтау керектігі жөнінде кеңес беріліп отырады. Қорытындылай келе,

табысты қарым-қатынастың кілті – **әдептілік**. Әдепті жас маман әрқашан қолдау табады, сенімге ие болады және кәсіби өсуде үлкен артықшылыққа қол жеткізеді.